

**«Шоу талантов. Жұлдызды сәт»
Онлайн-байқауының ережесі. Мақсаты мен міндеттері**

Мақсаты: музыкалық тұрғыдан дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау.

Міндеттері: Жас орындаушыларды эстетикалық, гуманистік және патриоттық рухта тәрбиеулеу, олардың әлемдік және отандық көркем мәдениет дәстүрлеріне деген жеке қызығушылықтарын ояту;

Балалар вокалдық өнерін дамыту және дәріптеу, академиялық, эстрадалық және халықтық әншіліктің отандық озық дәстүрлерін сақтау және одан әрі дамыту, орындаушылық шеберлікті арттыру;

музыкалық тұрғыдан дарынды балаларды шығармашылық белсенділікке, кәсіби бағдарлануға ынталандыру;

шығармашылық қарым-қатынас жасауға және тәжірибе алмасуға қолайлы орта құру, талантты жас орындаушыларға қолдау көрсету.

Байқау шарттары: Онлайн-байқауға 8-12 жас аралығындағы барлық қатыса алады (2020 жылғы жеңімпаздан басқа).

Іріктеу кезеңі: қатысушылар видеоролик арқылы тікелей көрсетілімді ән орындайды (шумағы+қайырмасы), ән музыкалық сүйемелдеусіз (a cappello) орындалады. Байқаудың қазылар алқасы әннің орындалуын бағалап отырады.

Өткізілу мерзімі: Онлайн-байқау ағымдағы жылдың 19-27 мамыры аралығында өтеді.

Байқауды ұйымдастырушылар: Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Зеренді ауылының балалар музыка мектебі.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер төмендегі электрондық мекенжайға қабылданады: zerenda_dmsb@mail.ru Анықтама телефоны 8 (71632)21-5-24, 87058148143- Шарипов К.А.

Өтінімдер: 2021 жылдың 27 мамыр сағ 15:00 ге дейін қабылданады.

Байқау қатысушылары: Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары оқушыларының арасында өткізіледі.

Қазылар алқасының құрамына: Молдабаева Г.Б. Доскарина А.М. Бекенова А.С. Иманғалиева С.К.

Нәтижесі 27 Мамыр күні дайын болып, [dmsb_zerenda](#) инстаграм парақшасына жарияланады.